

Иондаушы сәулелендіру әсеріне байланысты аурулардың тізбесін және иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың себептік байланысын анықтау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы N 34 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 406 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 13.06.2019 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 208-VI Заңына сәйкес ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № ҚР ДСМ – 24 бұйрығын қараңыз.

"Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Иондаушы сәулелендіру әсеріне байланысты аурулардың тізбесі; V011453
- 2) Иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың себептік байланысын анықтау ережесі бекітілсін.

2. <*>

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.02.20. N 110 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзімде ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 13 қаңтардағы
N 34 қаулысымен бекітілген

Иондаушы сәулелендіру әсеріне байланысты аурулардың тізбесі

1. Иондаушы сәулелендіру әсеріне тікелей байланысы бар аурулар:
 - 1) жіті және созылмалы сәулелік аурулар;
 - 2) сәулелік катаракта;

- 3) сәулелік дерматит және күйіктер;
 - 4) сәулелік гипотиреоз;
 - 5) сәулелік аутоиммундық тиреоидит.
2. Қатерлі жаңа өскіндер:
- 1) жіті лейкоз;
 - 2) созылмалы лейкоздар және миелодиспластикалық синдром (созылмалы лимфолейкозды қоспағанда);
 - 3) қатерлі лимфомдар;
 - 4) қомақты қатерлі жаңа өскіндер (өкпе, қалқанша безі, сүт безі обыры, несеп-жыныс жүйесінің, асқазан-ішек қолдары мен гепатобиллиарлық жүйенің қатерлі ісіктері және тағы басқалар).
3. Жалпы соматикалық аурулар:
- 1) қалқанша безі аурулары (аутоиммундық тиреоидит, диффуздық түйінді зоб);
 - 2) қан және қан өндіру жүйесі аурулары (агранулоцитоз, гипопластикалық және апластикалық анемия);
 - 3) жүрек-қан тамыры жүйесі аурулары (жүректің ишемиялық ауруы, гипертониялық ауру);
 - 4) сүйек-бұлшық ет жүйесінің дегенерациялық-дистрофиялық зақымдануы (инфекциялық және жарақаттану генезінен басқа).
4. Туа біткен аурулар және даму кемістіктері:
- 1) олигофрения;
 - 2) микроцефалия;
 - 3) алдыңғы бас сүйектің және сүйек-бұлшық ет жүйесінің даму кемістіктері.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 13 қаңтардағы
N 34 қаулысымен бекітілген

Иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың себептік байланысын анықтау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленген және иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың себептік байланысын анықтау тәртібін регламенттейді.

2. Қазақстан Республикасы халқының иондаушы сәулелендіру әсері бар ауруларының себептік байланысын сараптауды иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың себептік байланысын анықтау жөніндегі орталық және өңірлік

ведомствоаралық сараптама кеңестері (бұдан әрі - орталық және өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңестері) жүзеге асырады.

3. Орталық ведомствоаралық сараптама кеңесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган құрады.

Орталық ведомствоаралық сараптама кеңесінің құрамын мүдделі мемлекеттік органдардың келісімі бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңестерін құрудың орындылығын айқындайды, олардың құрамы мен өкілеттіктерін бекітеді.

5. Орталық және өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңестерінің қорытындылары радиациялық әсермен байланысты мүгедектіктің (өлімнің) себебін айқындау кезінде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері үшін негіз болып табылады.

2. Өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңесінің иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың себептік байланысын анықтау тәртібі

6. Иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың себептік байланысын қарау үшін азаматтар өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңесіне мынадай құжаттар ұсынады:

1) өтініш ;

2) денсаулық жағдайы жазылған, аурудың басталған уақыты, өршу жиілігі, клиникалық және зертханалық зерттеулердің нәтижелері көрсетілген медициналық құжаттаманың көшірмесін;

3) уақытша немесе тұрақты еңбекке жарамсыздығы туралы куәландыратын құжаттардың көшірмесін;

4) еңбек кітапшасының, іссапарға жіберу туралы бұйрықтардың, іссапар куәлігінің көшірмелерін (радиациялық қатерлі аймақта жұмыс істегендер үшін);

5) тұратын жерінің радиологиялық бағытын (жұмысын, оқуын, Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы қызметін) ескере отырып, тиімді мөлшері туралы анықтаманың көшірмесін;

6) радиациялық қатерлі аймаққа кіргізілген жерлерде тұратынын (жұмысын, оқуын, Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы қызметін) растайтын өзге де қолда бар құжаттардың көшірмелерін.

7. Өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңесі сәулеленудің клиникалық және зертханалық деректерінің, тиімді мөлшерінің шамасы мен сипатының негізінде иондағыш сәулелердің әсері бар аурулардың байланысын қарайды.

8. Өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңесі ұсынылған құжаттарды бір айдың ішінде қарайды.

9. Өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңесінің қорытындысы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ресімделеді және оған төраға қол қояды.

10. Өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңесі қарағаннан кейін үш күннің ішінде азаматтарға сараптама қорытындысын жібереді.

11. Өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңесі жарты жылдықтың қорытындысы бойынша орталық ведомствоаралық сараптама кеңесіне өзінің қызмет туралы есеп береді.

12. Өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңесінің қорытындысына орталық ведомствоаралық сараптама кеңесінде алған сәттен бастап бір ай ішінде шағым жасалуы мүмкін.

3. Орталық ведомствоаралық сараптама кеңесінің иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың себептік байланысын анықтау тәртібі

13. Орталық ведомствоаралық сараптама кеңесі өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңесінің шешімімен келіспеген жағдайда азаматтардың арыздарын қарайды.

14. Азаматтардың арыздарын қарау үшін орталық ведомствоаралық сараптама кеңесі өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңестерінен медициналық құжаттаманың түпнұсқаларын сұратады.

15. Орталық ведомствоаралық сараптама кеңесінің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

16. Орталық ведомствоаралық сараптама кеңесінің қорытындысы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ресімделеді және оған төраға қол қояды.

17. Орталық ведомствоаралық сараптама кеңесінің қорытындысына заңнамада белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

4. Қорытынды ереже

18. Иондаушы сәулелендіру әсері бар аурулардың тізбесіне кірмейтін аурулар жөніндегі құжаттар орталық және өңірлік ведомствоаралық сараптама кеңестерінде қаралмайды.